

"Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 5 қарашадағы № 492 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 тамыздағы № 509 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

«Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 5 қарашадағы № 492 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8136 болып тіркелген, 2013 жылғы 26 қаңтардағы № 54(27993) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С.Н. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж і б е р у д і ;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министріне Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А. Сәрінжіпов